

**Железин аудандық мәслихатының 2018 жылғы 13 тамыздағы № 245/6 "Железин ауданының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ережені бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Павлодар облысы Железин аудандық мәслихатының 2023 жылғы 12 желтоқсандағы № 77/8 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 13 желтоқсанда № 7443-14 болып тіркелді

Железин аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Железин аудандық мәслихатының 2018 жылғы 13 тамыздағы № 245/6 "Железин ауданының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ережені бекіту туралы" шешіміне ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6051 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

қосымшада 3-тараудың 6-тармағының 2-абзацы жаңа редакцияда жазылсын:

"Құрмет грамотасына аудандық мәслихаттың төрағасы және аудан әкімі қол қояды" ;

қосымшадағы 3-тараудың 7-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"7. Құрмет грамотасын тапсыру салтанатты түрде жүргізіледі. Құрмет грамотасын аудан әкімі немесе аудандық мәслихат төрағасы немесе олардың тапсырмасы бойынша өзге тұлға тапсырады";

Ереженің 4-тармағының 2-абзацындағы "және елтаңбалы мөрмен бекітіледі" деген сөздер алып тасталсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Железин аудандық мәслихатының төрағасы*

*Т. Даулетов*